

Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназия Республика күні мерекесіне арналған іс-шаралардың анықтамасы

20.10.25 ж «Б» сыныбында Республика күніне орай "Жаса, Жайна, Қазақстаным!" тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларды туған жерін, туған елін сүйуге, рәміздер туралы түсінік алып, оны қастерлеп, құрметтеуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі - туған Отанды сүйуден басталатынын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.



<https://www.instagram.com/reel/DQN4HHWiJX7/?igsh=dWxvaHo0eHN4c3Zo21>

Дүйсенбінің сынып сағаты 4 "Б" сынып оқушыларымен Қазақстан Республикасының басты мерекелерінің бірі - Республика күніне арналған сынып сағаты өтті.

Мақсаты: Оқушыларды туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі - туған Отанды сүйуден басталатынын түсіндіру.

Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.

Сынып жетекшісі: Ілияс С.Н.

<https://www.instagram.com/reel/DQCNOudiLCP/?igsh=bjdlbWltZWwwZW0=>
<https://www.instagram.com/reel/DQCNFZXCB0D/?igsh=eDI5NjdmZDRiY2Nr>

21.10.25 жылы Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназияда Республика күніне орай сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта мектеп оқушылары арасында дебат турнирі өтті.

Турнирге екі команда — «Leader» және «RUH», өз білімдері мен шешендік қабілеттерін көрсетті.

«Leader» командасы I орынды иеленіп, үздік спикер атағын Жанболатқызы Айдана жеңіп алды!

Барлық қатысушыларды белсенділігі мен ел рухын дәріптеген тамаша өнері үшін құттықтаймыз!



<https://www.instagram.com/reel/DQEn1V-iI4y/?igsh=MWxyNDhia3lid29sbA==>

2025 жылғы 22 қазан күні Республика күніне орай Астана қаласында өткен кең ауқымды патриоттық акция аясында 1500-ден астам оқушы «Атамекен» әнін хормен орындады. Бұл іс-шара жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік қасиетті дамыту, ел тарихына, тәуелсіздікке деген құрметті арттыру мақсатында ұйымдастырылды.

Аталған мерекелік акцияға Ілияс Есенберлин атындағы №67 мектеп-гимназиясы да белсенді түрде атсалысты. Мектебіміздің 7-сыныптарынан 100 оқушы қатысып, киелі Отанға деген жүрекжарды сезімдерін ән арқылы жеткізді. Оқушылар арнайы дайындықтан өтіп, мерекелік көріністің жоғары деңгейде өтуіне зор үлес қосты.

Республика күні – әрбір қазақстандық үшін ерекше тарихи маңызға ие. Бұл күн — еліміздің тәуелсіздік жолындағы тағдырлы шешімдерін, мемлекетіміздің іргесінің қалануын еске түсіретін қастерлі мереке.

Ілияс Есенберлин атындағы №67 мектеп-гимназиясының ұжымы баршаңызды Республика күнімен шын жүректен құттықтайды!

Отанымыздың мерейі үстем, елдігіміз берік, бірлігіміз баянды болсын.



<https://www.instagram.com/p/DQHSOuUCO7I/?igsh=MWE2YXhzNGh4bnU1O>

Q==

Республика күні— ұлт мерейін асырып, ел бірлігін айқындайтын күн!

Осы айтулы мерекеге орай 22 қазан Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназияның Парламент оқушылары флэшмоб ұйымдастырып, барша қазақстандықтарды шын жүректен құттықтайды!

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Тәуелсіз Қазақстанның туы биікте желбіреп, әрбір жас ұрпақ Отанын сүйіп, ел дамуына өз үлесін қоса берсін!



<https://www.instagram.com/reel/DQLTuuhiMwx/?igsh=MXMzcWQyc3FzdTRqd>

Q==

Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназиямызда Республика күніне арналған мерекелік іс-шара өткізілді. Шараның мақсаты – оқушылардың отансүйгіштік сезімін арттыру, ел тәуелсіздігінің маңызын терең ұғындыру болды. Мерекелік бағдарламаға гимназияның оқушылары патриоттық ән-күй шашып, мың бұралған бишілеріміз қазақ билерін нақышына келтіріліп көрермендерді тәнті етті. Мереке жоғары деңгейде өтіп, қатысушыларға көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Іс-шараны ұйымдастырушы эстетика бірлестігінің музыка пәнінің мұғалімдері: Калиева А, Шаяхметов Қ, Тұрсынова Б, Болатхан Д, Әбет Е, Бекмұрат Қ.



<https://www.instagram.com/p/DQOR9QXjdZp/?igsh=MWdxaDlxOXo4NHA1YQ>

